



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАНҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№78 (10478) 7 ҚАЗАН, СЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

БЕКЕТ МЫРЗАҒҰЛҰЛЫ – ЕЛІНЕ ТҮТҚА, ЖҰРТЫНА ПАНА БОЛҒАН ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫМЫЗДЫҢ БІРІ. ОЛ БҮКІЛ ҒҰМЫРЫН ХАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕ ТАНЫМЫН БАЙЫТУҒА АРНАП, АҒARTУШЫЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСТЫ. БЕКЕТ АТА КҮЛЛІ ҚАЗАҚҚА ЖӘНЕ БАУЫРЛАС ЕЛДЕРГЕ ҒҰЛАМА ОЙШЫЛ, АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ӘУЛИЕ РЕТІНДЕ ТАНЫЛДЫ. МЕНІҢ ТАПСЫРМАМ-МЕН, ОҒЫЛАНДЫДАҒЫ ЖЕР АСТЫ МЕШІТІН ЖӘНЕ ОСЫ АЙМАҚТАҒЫ БАСҚА ДА ТАРИХИ НЫСАНДАРДЫ ЮНЕСКО-НЫҢ БҮКІЛӘЛЕМДІК МҰРАЛАР ТІЗІМІНЕ ҚОСУ ҮШІН НАҚТЫ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛЫП ЖАТЫР. ЖҰРТЫН ІЗГІЛІККЕ ҮНДЕГЕН АБЫЗДЫҢ БОЛМЫСЫН БИІКТЕТЕ ТҮСЕТІН МӘДЕНИ-РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ ҰЛТТЫҚ ҰҒЫМЫМЫЗДЫҢ БАҒА ЖЕТ-ПЕС БАЙЛЫҒЫ САНАЛАДЫ. ОНЫ САҚТАУ, ҰРПАҚҚА МИРАС ЕТУ – ПАРЫЗ. БАРШАҢЫЗҒА АМАНДЫҚ, БАҚ-БЕРЕКЕ ТІЛЕЙМІН.



ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРҒАН ҰЛЫ ЖИЫН



МАНҒЫСТАУДЫҢ ТОБЫҚТЫ ЖЕРІНДЕ ПІР БЕКЕТ АТАНЫҢ РУХАНИ

ТӘЛІМГЕРІ – ШОПАН АТА МЕН МЕН БЕКЕТ АТА МЫРЗАҒҰЛҰЛЫНЫҢ

ТУҒАНЫНА 275 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ АЛТЫ АЛАШТЫҢ ИГІ

ЖАҚСЫЛАРЫНЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН ҰЛЫ АС ӨТТІ.



3 қазан күні таң қылаң бере аруақты бабаның атын атап, Тобықты жерін бетке алған біз сәске түсте межелі жерге жетіп тоқтадық. Ат шаптырым алаңда қаз-қатар тізілген ақшаңқан үйлер Кең Жылыой коньсында дүниеге келіп, есімін еліне тәу етер кие, тағзым етер қасиет етіп қалдырған ұлы бабаның аруағына арналған ас деп әбігерге түскен әлеуметтің ақ пейілін аңғартып тұрғандай. Алдымен бабалар аруағына құран бағыштау үшін мешіт үйіне қарай беттедік. Ең бірінші ескі түнеухананы Сәкен Есенгелдіұлы, Жармағамбет Қайырмағамбетұлы секілді азаматтар ұйымдастырып, Нұрпейіс Сәрсенбай бастаған жігіттер қолдап салған. Жаңа түнеухананың құрылысына Асқар Санауов бастаған азаматтар жетекшілік еткен. Түнеухананың маңайына түгелдей асфальт төсеген, ауласына ағаш отырғызып, абаттандырған, дәрет алатын орындар қарастырып, мешітке дейін арнайы қиыршық тастан жол төсеген. Абыз аталар аруағына арналған аста жайсаң азаматтардың жақсылығының шарапатын бүкіл ел көрді, разылығын білдірді. Бұл да бір табиғат дара еншілеген теңдесіз дарын иелері – кемеңгер әулиелерді ұлықтаудың ерен үлгісі екені даусыз.

» 4-5

• БҮГІНГІ САНДА

ТЕҢІЗ ТАҒДЫРЫ ТАРАЗЫЛАНДЫ



» 8

TELEGRAM АРҚЫЛЫ ЕСІРТКІ САУДАСЫ КҮШЕЙІП БАРАДЫ



» 9

«ҚОРҚЫТ АТА» – ТҮРКІ РУХЫНЫҢ КҮМБІРІ



АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ТҰҒЫШ РЕТ ТҮРКІ
ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ «ҚОРҚЫТ АТА» КИНОФЕСТИВАЛІ ӨТТІ.

Іс-шараға Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Асхат Оралов, Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының басқарма төрағасы Құрманбек Жұмағали, сондай-ақ Әзірбайжан, Түркия, Түрікменстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Венгрия мен Қазақстаннан 250-ден астам өнер майталмандары қатысты. Әлемдік өнер жұлдыздары қызыл кілеммен жүріп өтіп, кинофестивальдың салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Кейін қонақтар фестивальдың алғашқы фильм көрсетіліміне қатысып, кешкі мәдени бағдарламаға атсалысты.

Маңғыстау облысы әкімінің бірі-

ші орынбасары Асхат Оралов түркі халықтарының кинофестивалі Ақтауда өтуі өңір үшін ғана емес, бүкіл ел үшін үлкен мәртебе екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл іс-шара бауырлас елдердің мәдени байланысын нығайтып, ортақ рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызды алаңға айналып отыр.

– Кино – халықты жақындастыратын, ортақ дүниетаным мен тарихи тамырды байланыстыратын ұлы күш. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мәдениет – халықтың рухани тірегі, ал өнер – ұлттың болмысын айқындайтын асыл қазына» деп атап өткен болатын. Бұл фестиваль – сол рухани тіректің жарқын көрінісі, – деді Асхат Оралов.

» 12

• ҚЫСҚА-НҮСҚА

ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕ БАҒЫТТАРЫ АШЫЛАДЫ

Ақтау халықаралық әуежайынан Сауд Арабиясы мен Біріккен Араб Әмірліктеріне тікелей рейстер ашылады. Енді өңір тұрғындары Джида, Медина және Дубай қалаларына тікелей ұшуға мүмкіндік алады. Әуе рейстері екі аптада бір рет, жексенбі күндері орындалады. Ал 18 қарашадан бастап «FlyArystan» компаниясы Ақтау – Дубай бағыты бойынша аптасына бір рет, сенбі күндері тұрақты рейстерді орындайды.

КЕНДІРЛІДЕ – «30 ИГІ ІС»

Жаңаөзендегі Кендірлі теңіз жағажайында ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына орай «30 игі іс» республикалық акциясы аясында сенбілік өтті. Сенбілік барысында жағажай аумағы коқыстан тазартылып, экологиялық тәртіпті сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүрді.

«БЕЙНЕУ БАРЫСЫ– 2025» ТУРНИРІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақ күресінен «Қазақстан барысы» республикалық турнирінің аудандық іріктеу кезеңі «Бейнеу барысы» ұйымдастырылып, жеңімпаз анықталды. Жарысқа ауыл және ауылдық округтерден 12 балуан қатысты. Әр белдесуде балуандардың жігері сынға түсіп, ақтық сынға мықтылар жолдама алды. Турнир нәтижесінде Қарашолақ балуан Досжан Оралбаев «Бейнеу барысы – 2025» атанды. Жүлделі 2-орынды Ер Бегей балуан Нұрсұлтан Папау, 3-орынды «Токтамыс» атты лақап атымен танылған Ақниет Жұмажан иеленді.

2026 ЖЫЛҒА

«МАНҒЫСТАУ-МЕДИА» БАСЫЛЫМДАРЫНА
ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ!



«Халық» және «Каспий»
қосымшасы арқылы онлайн
жазылуға болады

СЕНІМДІ АҚПАРАТ
СІЗДІҢ ҚОЛЫҢЫЗДА!

Ұстаздар күні қарсаңында №6 «Өркен» бөбек-жайында педагогтерге арналған «Жаңа оқу жылындағы инновациялық тәсілдер, инклюзия жұмысы мен жасанды интеллект қолданудағы бірлескен даму жолы» атты іс-шара өтті. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мен инклюзивті білім беруде дефектологпен бірлескен жұмысты жүйелеу мақсатында өткен іс-шараға бөбекжай директоры Н.Жұмағалиева қатысты. Ол жаңа оқу жылының басты бағыттарымен таныстырып, күзиреттілік тәсіл, дамыту орталарын жетілдіру, баланың еркін ойлауына жағдай жасау керектігіне тоқталды.

Тәрбиеші Мадина Мэльс жасанды интеллектіні пайдалану, қолдану және оның тәрбиешілерге пайдасы мен зияны жайлы айтып өтті. Одан кейін тәрбиеші Марина Тилабасева тәрбиешілермен екі тәжірибе өткізді. Бір сәтке бәріміз де бала болып, Марина апайдың «Сықрылы шар», «Сүттегі фейерберк» тәжірибесіне соқтық.

Дефектолог әр түрлі нейрожаттығулар мен ұсақ қол моторикасын дамытатын «Сайқымазақтың шашын

Ұстаздар мерекесі өтті

сәңдейміз» атты ойынды қайшымен қию арқылы өткізді. Бұл ойындарды ойнату арқылы бұлдіршіндердің екі ми жартышарының жұмысын дамытып, оң және сол жартышардың үйлесімді жұмыс істеуін дамытуға болатынын түсіндірді.

Тәжірибелі ұстаз – логопед Ақсұлу Көбентаева ұстаздар мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Тәрбиешілер арасында ашық пікірталас та өтті.

Бөбекжай директоры Н.Жұмағалиева мен әдіскер Т.Реева озық педагогтерге алғыс хат пен шағын қол-өнер бұйымдарын, гүл шоқтарын табыстады. Іс-шара соңында педагогтеріміз «Ұстазым» әнін орындап, жақсы көңіл күймен тарайды.

Замира БАЗАРОВА,
№6 «Өркен» бөбекжайының дефектологі.

Тоқ әсерінен болатын өрттің алдын алу — балалар қауіпсіздігі

Электр желісі бұзылған жағдайда, кәсіби біліміңіз болмаса, оны өзіңіз жөндеу – өте қауіпті.

Сондықтан үйдегі электр желілеріне салмақ түсіретіндей 2-3 электр құралдарын бір мезетте электр қуатына қоспау керек. Өртке келгенде баланың да шалалығы бар. Қолына сіріңке ұстап ойнаған жасөспірімдердің абайсыздығынан болған өрт оқиғалары да аз емес.

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану.

Өрт сөндірудің негізгі құралдарына келсек, су – өртті сөндірудің басты құралы, су электр өткізгіш, сондықтан оны тоқта тұрған жүйелер мен жабдықтарды сөндіруге пайдалануға болмайды. Электр

сымдарына судың түсуінен қысқа тұйықталу болуы мүмкін. Құм – өрттің шағын ошақтарын сөндіру құралдарының ең қарапайымы. Оның отты сөндірудегі әрекеті – жанғыш затты салқындатады.

Химиялық көбіктің құндылығы оның төзімділігінде, тұтқырлығында, жеңілдігінде, ол жанған затты толығымен тығыз жабады және оған ауа жібермейді. Көмір қышқылды өрт сөндіргіштер химиялықтармен қатар айтарлықтай таралған. Олар химиялық зертханаларда, кітапханаларда, мұражайларда және басқа да жайларда кеңінен қолданылады. Бұл өрт сөндіргішті қуаттандыру үшін үлкен қысымда тұрған сұйытылған көмір қышқылы (көміртек диоксиді) қолданылады.

Өрт сөндіргішпен жұмыс істеу барысында баллонды көлденең жағдайға бұруға болмайды, өйткені бұл кезде сифонды құбыр арқылы көмір қышқылдың шығуы бұзылады. Қазіргі уақытта құрғақ ұнтақтармен толтырылған ұнтақты



өрт сөндіргіштер көп таралған, олар өрт аумағына түсіп, отты сөндіретін зат бөледі. Ұнтақты өрт сөндіргіштер тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтардың, газдардың, ағаш өнімдерінің, тоқ қысымында тұрған электр сымдардың, сілтілі металдар мен өздігінен жану қасиеті бар басқа да заттармен өртенуін сөндіру үшін қолданылады.

Нұрлыбек ҚАЙРАТОВ,
Ақтау қалалық төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Nobilis Corp» ЖШС, ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл а.о., Боранқұл а..Мәдениет үйінің ғимаратында, 2025 жылы 12 қараша, сағат 11:00-де«Боранқұл кен орнында көмірсутектерді өндіруге арналған №5112-УВС МЭ 2022 жылғы 6 қазандағы келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану қызметінің салдарларын жою жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі және табиғатты қорғау іс-шарасының жоспары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Zoom платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/89892241254?pwd=2vMwAC9NV9sbexNGBoyFoFNycaVRqk.1>
Конференция идентификаторы: 898 9224 1254, кіру коды: 126921.
Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы:
Жобалық құжаттама [https://ndbecology.gov.kz/ақпараттық жүйесінде](https://ndbecology.gov.kz/ақпараттық_жүйесінде), сондай-ақ Маңғыстау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru> орналастырды, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

gov.kz, тел: 8 (7292) 431088 арқылы танысуға болады.
Ескертулер және/немесе ұсыныстар ақпараттық жүйе арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.
Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Nobilis Corp» ЖШС, Ақтау қ., 17-ш.а. БЦ Зодиак №39 үй, БСН: 220540006616, эл.пошта: a.telmanova@btng.kz, А.Телманова. тел: 7(7292) 200 888.
Жобаны жасақтаушы: КазНИГРИ ЖШС, Атырау қ., Әйтеке-би,43А, БСН: 991240001478. эл.пошта. zh.kalemova@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090-217.
Қосымша ақпаратты мына эл. мекенжай бойынша алуға болады: zh.kalemova@kaznigri.kz және тел. 8(7122)763090-217

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ТЕҢІЗ СЕРВИС» ЖШС келесі жобаларға қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:
«2026-2035 жылдарға арналған атмосфераға ластанушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасы», «2026-2035 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы», «2026-2035 жылдарға арналған экологиялық бақылау бағдарламасы», «2026-2035 жылдарға арналған табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары».
Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары: 44°58'51,56", 50°28'84,54".
Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны: Маңғыстау облысы,

Тұпқараған ауданы, Форт-Шевченко, Нұрсұлтан Оңғалбайұлы көшесі, 53, мәдениет үйі.
Өткізу күні: 2025 жылы 10 қараша сағат 15: 00-де.
Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Теңіз Сервис» ЖШС, БСН: 031240001508. Мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, №36А ғимарат. Байланыс тұлғасы: Г.Улукбанова 8(7292)200753, e-mail: gulukbanova@tnsr.kz
Жобаны әзірлеуші: «Айбын Каспий» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 5-шағын аудан, 7-үй, 79-кеңсе. Байланыс тұлғасы: В.Савченко. тел: +77071185102, e-mail: tandemeco@bk.ru.
Интернетке қосылуға белсенді

сілтеме:<https://us05web.zoom.us/j/89333111916?pwd=WHM9LuMXZlrEnb2QNZ3Aa5fhK6sOV.1>
Конференция идентификаторы: 893 3311 1916.
Кіру коды: 9cmHn1.
Жобалардың материалдары мына сайтта орналасқан: www.ndbecology.gov.kz, сондай-ақ Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco>.
Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда орналасқан: www.ndbecology.gov.kz., сондай-ақ ЖАО электрондық мекенжайы бойынша: s.bazarbay@mangystau.gov.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қарақұдық мұнай» ЖШС өтімді емес материалдар (мұнай кәсіпшілігі жабдықтарына қосалқы бөлшектер, авто қосалқы бөлшектер және өзге де материалдар) мен автокөлік құралдарын сату туралы хабарлайды.

Сатылатын өтімді емес материалдар мен автокөлік құралдарының тізімін орындаушыдан сұрау бойынша алуға болады:
□ Б.Нұрланұлы. Тел: 8 (7292) 510145
□ E-mail: Begis.Nurlanuly@kkm.kz

САТУ ШАРТТАРЫ:

1. Орналасқан жері:

- Сұранысқа ие емес материалдар: «Қарақұдық мұнай» кен орны.
- Автокөлік құралдары: Ақтау қаласы және «Қарақұдық мұнай » кен орны.
- 2. Жағдайы:** бұрын қолданыста болған көлік және материалдар.
- 3. Жеткізу тәсілі:** өздігінен әкету.
- 4. Төлем:** 100% алдын ала төлем, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жолымен.
- 5. Ұсыныс беруші:** коммерциялық ұсынысты (ҚҚС ескере отырып) 2025 жылғы 14 қазан сағат 18:00-ге дейін kr@kkm.kz электронды поштасына жолдау қажет.
- 6.Жауапты тұлғасы:**
 - Жазира Аймакова. Тел: 8 (7292) 515138
 - Ақтау қ., 3-шағын аудан, 81-ғимарат, «Қарақұдық мұнай » ЖШС.

Р.ДАРМЕНОВА атына берілген **№2172, 24.02.1999 ж. айырбастау шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.**

Р.УМЕДОВА атына берілген **№1/1969 05.03.2014 ж. сату сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.**

Хабарландыру

«Өзенмұнайгаз» АҚ <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында 16.10.2025 жылы 5 жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Талқылауға шығарылатын жұмыс жобасы «Маңғыстау ауданындағы Жетібай-ҚазғӨЗ газ құбыры учаскесін реконструкциялау, диаметрі 1020x10мм, ұзындығы 3600 м» және оған ҚОҚ бөлімі. Құжаттар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналасқан.
Тел.: +7 (7292) 470213.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«TENGE Oil & Gas» ЖШС үшін 2026 жылға атмосфераға ластанушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасы және ықпал ету рұқсатын алу, «Теңге кен орнына № 431, 521, 523, 550, 712, 713, 714, 715, тереңдігі 2450 м, тік өндіруші ұңғымаларды салуға арналған топтық техникалық жобаның» қоршаған ортаны қорғау бөлімін түзету, «Теңге кен орнына № 406, 519, 520, 530, 533, 551, 552, 553, 554, 615, 701, 706, тереңдігі 2450 м, тік өндіруші ұңғымаларды салуға арналған топтық техникалық жобаның» қоршаған ортаны қорғау бөлімін түзету, «Теңге кен орнына № 413, 418, 516, 517, 555, 556, 557, 558, 559, 560, 561, 562, 613, 616, 625, 700, тереңдігі 2450 м, тік өндіруші ұңғымаларды салуға арналған топтық техникалық жобаның» қоршаған ортаны қорғау бөлімін түзету, «Теңге кен орнының №18Н-03 көлденең өндіру ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімін түзету, «Теңге кен орнының №18Н-05 көлденең өндіру ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімін түзету жобалары бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.
Қоғамдық тыңдау: Маңғыстау облысы, Жанаөзен қаласы, Теңге ауылындағы Атамұра мәдениет үйінде 17.11.2025 ж. сағат 15.00-де өтеді. Гео.координаттары с.е.43°17'50" ш.б.52°49'53"''
Төтенше жағдайлар немесе шектеу шаралары енгізілсе, қоғамдық тыңдаулар, онлайн-режимде ZOOM бейне конференциясы арқылы өткізіледі, қосылу үшін сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/82218129196?pwd=VbRoaOabW9uVqmaVGUeU0dVjcSekZl.1>
Конференция идентификаторы: 822 1812 9196. Кіру коды: 400281.
Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы:
Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталында <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ Маңғыстау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/> орналастырылды, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz арқылы танысуға болады.
Бастамашының мәліметі: «TENGE Oil & Gas» ЖШС, тел. +7 701-530-24-76, 8/72934/92301 (117), e-mail: abubakir_1973@mail.ru, БСН: 150940022022
Жобаны жасақтаушы: «BIG PROJECT & CONSULTING» ЖШС, e-mail. Big_Project_kz@mail.ru тел. тел: +7 701-763-32-21, БСН: 201140031245
Қосымша ақпаратты мына эл. мекенжай бойынша алуға болады: Big_Project_kz@mail.ru, тел. +7 701-763-32-21

Хабарлама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополи-яларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 1 қазандағы №82-ОД және №81-ОД бұйрықтарымен, яғни 2025 жылғы 18 қыркүйектегі №78-ОД және №79-ОД бұйрықтарына өзгерістер енгізу тура-лы бұйрықтардың негізінде, «МАЭК» ЖШС 03.10.2025 ж. №1565-в, 03.10.2025 №215-п бұйрықтарымен жылу энергиясын өндіру және (немесе) жабдықтау және магистральдық құбырлар (су өндіру) бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифтеріне 2025 жылдың 1 қазанынан бастап қолданысқа енгізілетін өзгерістер енгізді.
Бекітілген тарифтер кестесімен келесі сайттарда танысуға болады: www.maek.kz және rkc.maek.kz

«МАЭК» ЖШС өкімшілігі



Бұл бос орын сіздің ТЕЛЕФОН: 20-48-42 жарнамаңызға арналған

«Батыс-Платина ломбард» ЖШС кепілге қойылып қайтарылмаған мүліктің сауда-саттығын хабарлайды. Мекен-жайы мен уақыты: 2025 жылдың 31 қазан күні, сағат 10:00-14:00-де, 26-22-103 кеңсе. Сауда-саттық өткізу әдісі: ағылшын.